

Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 сәуірдегі (IV шақырылған кезекті XVI сессия) "Екібастұз қаласы бойынша кондоминиум объектілерінің жалпы мүлкін жөндеуге коммуналдық қызметтері мен өтемақыны пайдалану, тұрғын үйді күту бойынша табысы аз отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру Ережелері туралы" N 170/16 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 27 шілдедегі N 186/17 шешімі. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 тамызда N 12-3-240 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 21.08.2014 N 258/31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 21.08.2014 N 258/31 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы 2-тармағына сәйкес және қала бюджеті қаражаты есебінен табысы аз отбасыларды (азаматтарды) қолдау мақсатында, қалалық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 сәуірдегі (III шақырылған XIII сессия) "Екібастұз қаласы бойынша кондоминиум объектілерінің жалпы мүлкін жөндеуге коммуналдық қызметтері мен өтемақыны пайдалану, тұрғын үйді күту бойынша табысы аз отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру Ережелері туралы" (нормативтік құқықтық актілер Тізілімінде N 12-3-231 тіркелген, "Отарқа" газетінде 2009 жылғы 28 мамырдағы N 22, "Вести Екибастуза газетінде 2009 жылғы 28 мамырдағы N 22 жарияланған) N 170/16 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Ереженің 2-тарауының 2-тармағындағы 1-тармақша келесі редакцияда м а з м ұ н д а л с ы н :

"1) ауқымды мөлшердегі зейнетақы алатын зейнеткерлер және жұмыс і с т е й т і н т ұ л ғ а л а р " ;

2) 2-тарауы 2-тармағының 2-тармақшасындағы 1 азатжолы алынып тасталсын .

2. Нақты шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн

өткен

соң

қолданысқа

енгізіледі.

<i>хатшысы</i>	<i>Сессия Қалалық</i>	<i>төрағасы М. мәслихат Базарбаев Ғ. Балтабекова</i>
----------------	---------------------------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК